Эмитент қызметінің түрлерін ескере отырып, оның қызметтерін ұтынушылар Эмитенттің қарыз алушылары болып табылады. Осы проспект жасалған күнге Эмитентте Эмитенттен алынған микрокредиттер бойынша негізгі борыш көлемі Эмитент берген микроқарыздардың жалпы сомасының (Эмитентпен көрсетілетін қызметтердің жалпы сомасынан) 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын қарыз алушылар жоқ.

Эмитентте тауар айналымының және көрсетілетін қызметтердің көлемі Эмитент тұтынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының 10 (он) пайызынан астамын құрайтын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өнім берушілері жоқ.

**25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері:**

Активтердің атауы	30 қыркүйек 2022 жылғы жағдай бойынша активтердің жалпы көлемінен үлес, %	30 қыркүйек 2022 жылғы жағдай бойынша активтің баланстық құны, мың теңге
Орналастырылған салымдар	21,2	273 579
Клиенттерге берілетін қарыздар	72,2	931 108

**26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:**

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жай-күйі бойынша Эмитентте Эмитенттің активтерінің баланстық құнынан 10 (он) және одан артық пайызды құрайтын дебиторлық борышы жоқ.

**27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:**

Кредитордың атауы	30 қыркүйек 2022 жылғы жағдай бойынша міндеттерден үлес, %	30 қыркүйек 2022 жылғы жағдай бойынша кредиторлық берешегінің баланстық құны, мың теңге	Өтеу мерзімдері			
			2022 ж. 4 тоқс.	2023 ж. 1 тоқс.	2023 ж. 2 тоқс.	2023 ж. 3 тоқс.
«ALL Trade Company» ЖШС (пайызсыз қысқа мерзімді қарыз)	26,1%	321 000	130 000	191 000	—	—
«Банк ЦентрКредит» АҚ-нан алынған несие	20,9%	184 500	39 000	128 000	17 500	—

**28. Эмитент левереджінің шамасы:**

	31 желтоқсан 2020 жылы	31 желтоқсан 2021 жылы	30 қыркүйек 2022 жылы
Міндеттемелер, мың теңге	30 515	607 283	1 042 275
Меншікті капитал, мың теңге	106 713	166 204	247 055
Левередж	0,3	3,7	4,2

**29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны:**

	2020 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы	54 759	878 670
Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының кетуі	- 191 709	- 1 296 585





<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>	<b>- 136 950</b>	<b>- 417 915</b>
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы	-	1 562 171
Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының кетуі	- 12 463	- 1 665 663
<b>Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>	<b>- 12 463</b>	<b>- 103 492</b>
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы	149 700	996 635
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының кетуі	-	- 406 766
<b>Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>	<b>149 700</b>	<b>589 869</b>
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсімі</b>	<b>287</b>	<b>68 462</b>

**30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер (өтелген және жойылған облигациялар шығарылымын қоспағанда):**

Борыштық бағалы қағаздардың атауы	Облигациялардың бірінші шығарылымы	Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде облигацияларды бірінші шығарылымы
Жалпы саны, дана	500 000	24 000
Борыштық бағалы қағаздардың түрі	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар	
Номиналдық құны, шығарылымның валютадағы	1000 теңге	100 АҚШ долл.
Мемлекеттік тіркелу күні	2020 жылғы 15 желтоқсан	2021 жылғы 5 мамыр
Бағалы қағаздардың орналастырылған саны, дана	252 242	4 249
Бағалы қағаздарды орналастыру кезінде жиналған ақшаның жалпы сомасы	469 530 301,60 теңге	418 083,05 АҚШ долл.
Бағалы қағаздар шығарылымдары бойынша есептелген және төленген сыйақы мөлшері	Аяқталған купондық мерзімдері бойынша: - есептелген: 73 849 498,91 теңге; - төленген: 79 534 578,34 теңге. Ағымдағы купондық мерзімі бойынша (2022 жылғы 9 мамырдан) есептелген: 7 146 612,24 теңге.	Аяқталған купондық мерзімдері бойынша: - есептелген: 24 644,20 АҚШ долл.; - төленген: 25 494,00 АҚШ долл. Ағымдағы купондық мерзімі бойынша (2022 жылғы 12 шілденен) купондық сыйақыны есептелмеген.
Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны (дана) және сатып алу күндері	05.08.2021 ж. – 2500 дана. 17.09.2021 ж. – 15 072 дана. 23.09.2021 ж. – 110 515 дана. 27.01.2022 ж. – 440 дана. 10.02.2022 ж. – 17 645 дана. 24.02.2022 ж. – 60 294 дана. 21.06.2022 ж. – 10 135 дана.	Сатып алынған облигациялары жоқ.

Эмитентте жоғарыда көрсеткен бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау, оның ішінде облигациялар бойынша сыйақы төлемеу және/немесе төлеуді кешіктіру фактілері орын алған жоқ.

Жоғарыда көрсеткен шығарылымдары бойынша облигацияларының орналастырылуын және / немесе айналымын тоқтата тұру (қайта бастау) факттері жоқ.



Жоғарыда көрсеткен шығарылымның облигациялары ұйымдастырылған нарығында айналысады және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізілген.

Жоғарыда көрсеткен шығарылымдары облигациялардың ұстаушыларға келесі құқықтары қамтамасыз етілген:

- проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде облигацияларды жапқанда атаулы құнын алу құқығы;
- проспектіде көзделген көлемде және мерзімде облигациялар бойынша олардың атаулы құнынан белгіленген пайызды алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның қағидаларымен сәйкес және оларда көзделген тәртіпте, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте облигацияларға қатысты өздерінің талаптарын қанағаттандыруға құқығы;
- проспектіде белгіленген жағдайларда барлық облигацияларды немесе оның бөлігін өтеп алуға жариялау құқығы;
- облигацияларды еркін сату және басқаша түрде өкімдік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен және проспектімен көзделген жағдайларда, Эмитенттің облигацияларды өтеп алуды талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте, облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтарды талап етеді.

Факты нарушения Эмитентом ограничений (ковенантов), предусмотренных проспектами указанных в настоящем пункте облигаций, отсутствуют. Эмитент облигацияларды сатып алу-сату шартын жасамаған.

Эмитентте жоғарыда айтылғандарды қоспағанда, борыштық бағалы қағаздардың басқа шығарылымдары жоқ.

## **11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР**

### **31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынлатын құқықтар:**

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

### **32. Эмитенттің облигациялар бойынша дефолтты жариялауы мүмкін болатын оқиғалар туралы мәліметтер:**

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

### **33. Облигацияларды жабу сәтіне дейін сыйақыны төлеудің әрбір кезеңінің бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын жабу үшін қажетті, эмитенттің ақшалай қаражаттар көздері және ағымдарының болжамы:**

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

### **34. Эмитент орналастырылатын облигацияларды алумен байланысты тәуекелдер:**

- 1) *салалық тәуекелдер – эмитенттің саласындағы жағдайдың болжамды нашарлауының оның қызметіне және құнды қағаздар бойынша оның міндеттемелерді орындауына әсер етуі сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша саладағы болуы мүмкін өзгерістердің (жеке ішкі және сыртқы нарықтарда) едәуір маңыздылары келтіріледі:*

Эмитент өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Эмитенттің қызметімен байланысты салалық тәуекелдер, ішкі нарықта қызметті жүзеге асырғанда туындайды. Эмитенттің қызметіне жататын ең маңызды тәуекелдердің ішінде мыналарды көрсетуге болады:



- нарықта бәсекелестіктің күшеюімен байланысты;
- клиенттердің несиеге қабілеттіктерінің өзгеруі (нәтижесінде клиенттердің саны азаятын, жасалатын мәмілелер көлемінің өзгеруі);
- жалпы макроэкономикалық конъюктураның әсерінен Эмитенттің көрсететін қызметіне сұраныстың өзгеруі (сұраныстың өзгеруінің есебінен);
- елде экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауымен, оның салдарынан жылжымайтын мүлік нарығында белсенділіктің төмендеуімен байланысты тәуекелдер.

Осы проспектіні жасау күнде Эмитент сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

*Эмитент өзінің қызметінде пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның болуы мүмкін өзгерістермен (жеке ішкі және сыртқы нарықтарда) байланысты және олардың эмитенттің қызметіне әсері мен олардың құнды қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауымен байланысты тәуекелдері жеке сипатталады:*

Эмитент өзінің қызметінде шикізат пайдаланбайды, ал сыртқы ұйымдардың өзіндік құн құрылымында тұтынатын қызметтерінің үлесі шамалы, сондықтан, шикізатқа және көрсететін қызметке бағаның болуы мүмкін өзгерісімен байланысты тәуекелдер жоқ, және олар Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің құнды қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауға әсер етпейді.

Осы проспектіні жасау күнде Эмитент сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

*Эмитенттің өнімге және (немесе) көрсететін қызметтерге бағасының болуы мүмкін өзгерісімен (жеке ішкі және сыртқы нарықтарда) байланысты және олардың эмитенттің қызметіне әсері мен олардың құнды қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауымен байланысты тәуекелдері жеке сипатталады:*

Эмитенттің ішкі нарықтағы көрсететін қызметтеріне бағаның болуы мүмкін өзгерістерімен байланысты тәуекелдері, бәсекелестердің әрекетімен және жалпы микронесиелеу нарығының пайыздық маржасының түсуіне әкелуі мүмкін, қорландырудың құнының артуымен, осыған сәйкес Эмитенттің мәмілелер бойынша табыстылығының түсуімен байланысты болуы мүмкін. Эмитент өзінің қызметіне және құнды қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауға осы тәуекелді жоғары емес деп бағалайды. Осы тәуекелді түсіру мақсатында, Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін және қорландырудың құнын түсіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Осы проспектіні жасау күнде Эмитент сыртқы нарықта қызметті жүзеге асырмайды.

- 2) *қаржылық тәуекелдер – пайыздық мөлшерлемелердің, шетелдік валютаның айырбастау бағамының, сондай-ақ құнды қағаздарға, ерікті қаржылық құралдарға нарықтық бағаның қолайсыз өзгеруімен байланысты тәуекелдерге эмитенттің қаржылық жағдайының ұшырауымен сипатталады:*

Эмитенттің қызметі экономикалық жағдайдың өзгеруімен және қаржылық нарықтың конъюктурасымен байланысты қаржылық тәуекелдермен ұштасады. Эмитенттің қызметіне әсер ететін тәуекелдерге жататындар:

- несиелік тәуекел;
- валюталық тәуекел (шетелдік валютаның алмастыру бағамының қолайсыз өзгеруімен байланысты тәуекел);
- пайыздық тәуекел (пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруімен байланысты тәуекел);
- нарықтық тәуекел (құнды қағаздар нарығының және ерікті қаржылық құралдардың қолайсыз өзгеруімен байланысты тәуекел).



Эмитенттің қызметі контрагенттің уақытында және толық көлемде Эмитенттің алдындағы өзінің міндеттемелерін орындамауының мүмкіндігі салдарынан несиелік тәуекелге ұшырайды. Клиенттердің Эмитенттің алдындағы өзінің міндеттемелерін уақытында орындауға қабілетсіздігі, дебиторлық борыштың артуына және күдікті борыштың туындауына, және таза пайданың азаюына әкелетін резервті есептеу қажеттілігіне әкелуі мүмкін. Эмитент тұрақты негізде осы тәуекелді төмендету мақсатында клиенттердің қызметіне талдау жүргізеді.

Эмитент облигацияларды шетел валютасымен, атап айтқанда, бірінші кезекте АҚШ долларымен шығаруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Бұл ретте Эмитент өз міндеттемелерінің жалпы көлеміне шетел валютасындағы қарыз алу көлеміне консервативтік тұрғыда қарайтын болады, себебі Эмитенттің негізгі қызметі теңгемен жүзеге асырылады. Шетел валютасындағы, атап айтқанда АҚШ долларындағы облигациялар шығарылымын Эмитент, егер Эмитент бағалайтын АҚШ доллары бағамының теңгеге қатысты өзгеру серпіні орта мерзімді перспективада шетел валюталары бағамының өзгеруінің Эмитенттің қызметіне теріс әсерінің елеулі тәуекелін болжамаған жағдайда ғана жүзеге асыратын болады.

Эмитенттің қызметі сыйақылар мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы артықшылықпен басқарылатын пайыздық тәуекелге ұшырайды. Пайыздық мөлшерлемелердің бірден артуы кезінде қарыз ақшалай қаражатқа Эмитент неғұрлым жоғары рентабельді бағыттардағы басым қаржыландыруды есепке ала отырып тартылған қаражаттарды бөлудің құрылымын қайта қарауды жоспарлайды. Осыған байланысты қысқа мерзімді болашақта пайыздық мөлшерлемелердің өсуі Эмитенттің төлем қабілетіне онша қатты әсер етпеуі тиіс.

Эмитент нарықтық конъюктураның жалпы және ерекше ауытқуына және нарықтық бағалардың статистикалық көрсеткіштерінің деңгейінің өзгеруіне байланысты, пайыздық, валюталық, борыштық және ерікті қаржылық құралдар бойынша ашық нарықтық позициялар нәтижесінде нарықтық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Бұл ретте осы проспектіні жасау күнде Эмитенттің жоғарыда көрсетілген қаржылық құралдары бойынша ашық позициясы жоқ. Эмитент бұл тәуекелді маңызды емес деп бағалайды.

*Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің балансталмауының нәтижесінде туындайтын (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақытында орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өзінің қаржылық міндеттемелерін жылдам және бір мезгілде орындауының күтілмеген қажеттілігінің туындауы салдарынан толық көлемде өзінің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан эмитентте келетін залалдардың туындауымен байланысты болатын тәуекелдер жеке сипатталады.*

Эмитенттің қызметі Эмитенттің қаржылық активтері мен қаржылық міндеттемелерінің балансталмауының нәтижесінде туындайтын (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақытында орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өзінің қаржылық міндеттемелерін жылдам және бір мезгілде орындауының күтілмеген қажеттілігінің туындауы салдарынан толық көлемде өзінің міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан эмитентте келетін залалдардың туындауымен байланысты болатын тәуекелдерге ұшырайды. Эмитент бұл тәуекелдердің әсер етуін төмендету үшін барлық қажетті әрекеттерді жасауды, оның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлайды.

*Қаржылық тәуекелдердің әсер етуінің нәтижесінде Эмитенттің қаржылық есептілігінің қайсысы неғұрлым өзгеруге ұшырайтыны, олардың туындауының мүмкіндігі және есептіліктердегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:*



Қаржылық тәуекелдерге Эмитенттің міндеттемелері (қарыздары, несиелік борыштары) неғұрлым көбірек ұшырайды, сондай-ақ Эмитенттің жекелеген активтері (берілген микронесиелері) де ұшырайды. Қаржылық тәуекелдердің туындау мүмкіндігін Эмитент маңызды емес деп бағалайды, себебі Эмитент осы тәуекелдердің Эмитенттің қызметіне және қаржылық жағдайына әсер етуін мониторингтеу, бақылау және түсіру үшін барлық қажетті әрекеттерді жасауды жоспарлайды.

3) *құқықтық тәуекел – эмитентте мыналардың салдарынан залалдардың туындауы тәуекелі сипатталады:*

– *Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендің заңнамасының өзгерулері:*

Эмитент құқықтық тәуекелді әр түрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындаған залалдардың тәуекелдері ретінде айқындайды, оған кіретіндер:

- а. Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерулері;
- б. Эмитенттің уақытында өз қызметін жүргізуге қабілетсіздігі және Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерулерімен сәйкес ішкі құжаттар.

– *эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау бойынша талаптары:*

Эмитент 2021 жылғы 28 қаңтарда № 04.21.0001.М микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензия алды. Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Ақтөбе қаласындағы Өңірлік өкілдер басқармасы лицензия беруді жүзеге асырды, лицензияның қолданылу мерзімі шектелмеген.

Эмитент ұйымдастырған микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциалдық нормативтер мен заңнамалық талаптардың тұрақты мониторингі жүйесін назарға ала отырып, Эмитент тәуекелдің осы деңгейінің өз қызметіне ықпал ету дәрежесін төмен деп санайды.

– *эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:*

Эмитент осы тәуекелді әр түрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен туындаған залалдардың тәуекелдері ретінде айқындайды, оған кіретіндер:

- а. Эмитенттің, клиенттердің немесе контрсеріктестердің жасаған мәмілелерінің талаптарын бұзуы;
- б. құқықтық жүйенің жетілмегені (жеткілікті құқықтық реттеудің жоқтығы, өзгерістерге ұшырау, оның ішінде мемлекеттік реттеу және (қадағалау) тәсілдерінің жеткіліксіздігі, келіссөздер арқылы жекелеген мәселелерді шешудің мүмкін еместігі және нәтиже ретінде - оларды реттеу үшін сот органдарына өтініш беру).

– *қызметті жүзеге асырған кезде жол берілетін құқықтық қателіктер (дұрыс емес заңды кеңестер алу немесе құжаттарды бұрыс құрастыру, оның ішінде даулы мәселелерді сот органдарында қараған кезде құжаттарды бұрыс құрастыру):*

Эмитент бұл тәуекелді әр түрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсер ету салдарынан залалдардың туындау тәуекелі ретінде айқындайды, оған қосылатындар:

- а. Эмитенттің қызметкерлерінің немесе басқару органдарының әрекеті салдарынан, қызметінде құқықтық қателіктерге әкелетін құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;
- б. Қазақстан Республикасының заңнамасына Эмитенттің ішкі құжаттарының сәйкес келмеуі;



- в. Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде контрсеріктестерді сәйкестендіру бойынша және зерделеу бойынша, пайда алушыларды (клиенттер пайдаға әрекет ететін тұлғаларды) белгілеу және сәйкестендіру бойынша заңнаманы сақтамау;
- г. жаңа қызметтерді әзірлеу және енгізуде, іс-қимылдарды өткізу талаптарын және басқа да мәмілелерді, қаржылық инновацияларды және технологияларды өткізу кезіндегі құқықтық мәселелерді жеткіліксіз дайындау.

Құқықтық тәуекелді Эмитент төмен деп бағалайды, себебі осы тәуекелді тиімді басқару Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

- 4) *іскерлік абыройды (абыройлы тәуекел) жоғалту тәуекелі – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы туралы, қаржылық жағдайы туралы, оның өнімінің (жұмысының, көрсететін қызметінің) сапасы немесе жалпы оның қызметінің сипаты туралы негативті көзқарастың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде эмитенттің қаржылық тұрақтылығы туралы, қаржылық жағдайы туралы, оның өнімінің (жұмысының, көрсететін қызметінің) сапасы немесе жалпы оның қызметінің сипаты туралы негативті көзқарастың туындауы салдарынан клиенттердің (контрагенттердің) санының азаюы нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі болады.

Эмитент осы тәуекелді маңызды емес деп бағалайды, себебі іскерлік абыройды қолдау мақсатында:

- Эмитент өзінің контрагенттерімен жасалған шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- қаржылық есептіліктің шындығына және клиенттерге, контрагенттерге, реттеу органдарына және басқа да мүдделі тараптарға берілетін жарияланатын ақпараттың шындығына бақылауды жүзеге асырады;
- жыл сайынғы аудитті жүргізеді;
- клиенттердің және контрагенттердің іскерлік абыройына мониторинг жүргізеді;
- Биржаның ережелеріне сәйкес оның ресми интернет-ресурсында өз қызметі туралы ақпарат жариялау;
- қылмыстық жолмен алынған табыстарды легализациялауға (ұрлауға), және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;
- қызметкерлердің корпоративтік этиканы сақтауын бақылайды.

- 5) *стратегиялық тәуекел – (эмитентте эмитенттің қызметінің стратегиясы мен дамуын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін болжамды қауіптіліктердің есебін жүргізбеуі немесе жеткіліксіз түрде жүргізуімен білінетін, эмитент бәсекелестері алдында басымдылыққа қол жеткізуі мүмкін, қызметінің перспективалық бағыттарын негізді түрде жеткіліксіз немесе дұрыс емес анықтағаны, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды – техникалық, адамдардың) және эмитенттің қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс ұйымдастырушылық шаралардың (басқару шешімдерін) жоқтығы немесе жеткіліксіз көлемде қамтамасыз етілуі байқалған шешімдерді қабылдаған кезде жіберілген қателіктері (кемшіліктері) нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитентте эмитенттің қызметінің стратегиясы мен дамуын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін болжамды қауіптіліктердің





есепін жүргізбеуі немесе жеткіліксіз түрде жүргізуімен білінетін, эмитент бәсекелестері алдында басымдылыққа қол жеткізуі мүмкін, қызметінің перспективалық бағыттарын негізді түрде жеткіліксіз немесе дұрыс емес анықтағаны, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды – техникалық, адамдардың) және эмитенттің қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс ұйымдастырушылық шаралардың (басқару шешімдерін) жоқтығы немесе жеткіліксіз көлемде қамтамасыз етілуі байқалған шешімдерді қабылдаған кезде жіберілген қателіктері (кемшіліктері) нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі бар болады.

Эмитент бұл тәуекелді маңызды емес деп бағалайды, себебі стратегиялық шешімдердің тиімді бағалануын және іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында Эмитент қысқа мерзімді және орташа мерзімді жоспарлау бағдарламасын қолданады, оған компанияның ағымдағы жағдайы, қызметінің басым бағыттарын анықтау, стратегиялық жоспарларды әзірлеу, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылау кіреді. Эмитенттің стратегиясымен анықталған алға қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру үдерісінде, қандай да бір сегментте болжамдық маңыздардан есеп айырысу критерийлерінің ауытқуы туындаған жағдайда, Эмитенттің стратегиялық жоспарлары және/немесе қызметіне сыртқы және/немесе ішкі нарықтық конъюктураның өзгеруі әрекетімен түзетулер енгізілуі мүмкін. Эмитент стратегиялық тәуекелдің деңгейін маңызды емес деп бағалайды.

- б) *эмитенттің қызметімен байланысты тәуекелдер – эмитенттің қызметіне ғана тән тәуекелдер немесе негізгі қаржылық-шаруашылық қызметімен байланысты тәуекелдер, оның ішінде мыналармен байланысты тәуекелдер сипатталады:*

– *эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге, не айналымда болуы шектелген нысандарды пайдалануға (оның ішіне табиғи ресурстар да кіреді) лицензиясының әрекет етуін ұзарту мүмкіндігінің болмауы:*

Эмитент 2021 жылғы 28 қаңтарда № 04.21.0001.М микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензия алды. Қазақстан Республикасы Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің Ақтөбе қаласындағы Өңірлік өкілдер басқармасы лицензия беруді жүзеге асырды, лицензияның қолданылу мерзімі шектелмеген.

Эмитент ұйымдастырған микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын пруденциалдық нормативтер мен заңнамалық талаптардың тұрақты мониторингі жүйесін назарға ала отырып, Эмитент Эмитент лицензияны қайтарып алу не оның қызметін тоқтата тұру ықтималдығын төмен деп санайды.

– *Эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша болуы мүмкін жауапкершілігі:*

Осы проспектіні жасау күнде Эмитенттің үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапкершілігі болған жоқ. Эмитентте еншілес ұйымдар жоқ.

– *Эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, көрсететін қызметтерін) сатудан түскен пайданың кемінде 10 (он) пайызын айналымға бөлісетін тұтынушыларын жоғалту мүмкіндігі:*

Эмитент қарыз алушылар тарапынан жеткілікті дәрежеде ниеттестікке байланысты осы тәуекелді елеусіз деп қарастырады. Бұдан басқа, микроқаржылық қызметтер нарығы айтарлықтай кең болып табылады және шығып қалған қарыз алушыларды жедел ауыстыру үшін жеткілікті сыйымдылыққа ие.

- 7) *елдік тәуекел – эмитентте шетелдік контрагенттер (заңды және жеке тұлғалар) экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістердің салдарынан, сондай-ақ контрагентке оның резиденттік елінің заңнамасының ерекше болуына байланысты (контрагенттің*



*өзінің қаржылық жағдайына байланысты емес) ақшалай міндеттемелер валютасы қол жетімсіз болу салдары нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Осы проспектіні жасау күнде Эмитенттің контрагенттері – резидент еместері жоқ.

- 8) *операциялық тәуекел – ішкі үдерістерді жүзеге асыру барысында, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісті түрде жұмыс істемеуі салдарынан эмитенттің қызметкерлері тарапынан жіберілген кемшіліктер немесе қателіктер нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан келтірілген шығыстардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде ішкі үдерістерді жүзеге асыру барысында, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісті түрде жұмыс істемеуі салдарынан эмитенттің қызметкерлерінің жүзеге асыру барысында жіберген кемшіліктер немесе қателіктер нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан келтірілген шығыстардың (залалдардың) пайда болу тәуекелі бар болады.

Операциялық тәуекел Эмитент үшін орташа маңызда болады, себебі ол Эмитенттің қызметінің барлық бағыттарына, үдерістеріне және жүйелеріне тән, сондықтан операциялық тәуекелді тиімді басқару, әрқашан Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

- 9) *экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды:*

Эмитенттің оның қызметіне экологиялық тәуекелдердің тікелей әсер ету қаупі жоғары тәуекелі жоқ. Сонымен қатар, Эмитенттің клиенттік базасы жеткілікті түрде әртараптандырылған және тәуекелдің осы түріне айтарлықтай ұшырайтын бір ғана саланың тұтынушыларына тәуелді емес.

- 35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпарат:**

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға, консорциумдарға қатыспайды.

- 36. Егер эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары бар болған жағдайда, осындай заңды тұлғалардың әр қайсысы бойынша келесідей ақпарат көрсетіледі:**

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

- 37. Эмитент жарғылық капиталдың он және одан артық пайызына иелік ететін ұйымдар (36-тармақта көрсетілген заңды тұлғаларды есептемегенде) туралы, осындай ұйымдардың әр қайсысы бойынша көрсете отырып, мәліметтер:**

Эмитент қандай да бір заңды тұлғалардың он және одан артық пайызына иелік етпейді.

- 38. Эмитенттің несиелік рейтингі туралы мәліметтер:**

Эмитентке несиелік рейтингтер берілмеді.

- 39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

- 40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.





41. Эмитенттің кеңесшілері туралы мәліметтер (егер Құнды қағаздар нарығы туралы Заңмен сәйкес, эмиссиялық құнды қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы туралы мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша шарт жасалғаны жөнінде міндет белгіленген жағдайда):

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

- 1) *тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса):*

Эмитенттің 2020 және 2021 жылдарына арналған жылдық қаржылық есептілігінің аудитін директор Б. К. Искендинова ұсынған «Альмир Консалтинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді.

- 2) *телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса):*

Телефондары, факс: (727) 311-01-18, 311-01-19, 311-01-20

e-mail: almirconsulting@mail.ru.

43. Осы Қосымшаның 19, 20, 21 және 22 тармақтарында көрсетілмеген аффилирленген тұлғалар, бірақ та Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» және 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдармен сәйкес, эмитенттің аффилирленген тұлғалары болып табылатын тұлғалары:

Эмитенттің аффилирленген тұлғалар туралы ақпараты осы проспектінің 1-қосымшасында көрсетілген.

44. Эмитенттің облигацияларды шығаруға және оларға қызмет көрсетуге жұмсайтын сомасы, сондай-ақ осы шығындар қалай төленетіні туралы мәліметтер:

Облигациялар бағдарламасын мемлекеттік тіркеу кезінде бұл тармағы толтырмайды.

«Кредит Тіме» МҚҰ» ЖШС  
Бас директоры



Айтжанов С. Е.



## 1-Қосымша. Эмитенттің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер

### Жеке тұлғалар

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Эмитенттің аффилирленген тұлғаларға жатқызу негіздеме	Аффилирлігі пайда болған күн
Артыкова Сайма Айғалиевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш. <sup>1</sup>	09.06.2020 ж.
Глюмагамбетова Гульмира Серикбаевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Артыкова Камила Батыр кызы	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Батыр Аружан Батыр кызы	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Байтуганова Лейла Амировна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Глюмагамбетов Серикбай Якиевич	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Глюмагамбетова Гульшара Серикбаевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Айтжанова Марзия Батрғазовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Айтжанова Айгерим Едылғалиевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Берниязова Айгерим Асылжановна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Еділғали Шыңғыс Сұлтанұлы	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Берниязов Асылжан Максатович	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Берниязова Калима Хабиббуловна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Берниязов Дархан Асылжанович	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Жангельдина Зейнегуль Жанабаевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Жангельдин Болат	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Узақпаева Гульжан Мажитовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Жангельдина Каусар Ергалиевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Болат Алим Ергалиевич	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Отеева Динара Болатовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Жангельдина Гульнара Болатовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Узақпаева Кулянда Нигметовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Узаепаев Мажит	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Алтай Айжан Мажитовна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.
Узақпаев Айтжан Мажитович	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 бабының 2-т., 2-тш.	09.06.2020 ж.

Эмитенттің заңды тұлға болып табылатын аффилирленген тұлғалары жоқ.

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-І Заңы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы»



Прошито и пронумеровано и на 10  
(дәрізгі) листак

